

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ
Директорлар кеңесінің
2019 жылғы «8» мамырдағы
шешімімен
БЕКІТІЛГЕН
№7/2019 хаттама
(Директорлар кеңесінің
2020ж.03.09 шешімімен
енгізілген өзгерістермен
(№8/2020 хаттама))

"ҚазМұнайГаз" ұлттық компаниясы"
акционерлік қоғамының Директорлар кеңесінің
АУДИТ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1. Осы "ҚазМұнайГаз" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитеті туралы ереже ҚМГ Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитетінің мәртебесін, құзыретін, құрамын, жұмыс тәртібі мен функцияларын, оның отырыстарын шақыру және өткізу, шешімдерді ресімдеу рәсімін, сондай-ақ Аудит жөніндегі комитет мүшелерінің құқықтары мен жауапкершілігін белгілейді.

2. Ережеде қолданылатын ұғымдар мен айқындамалар:

Заң - "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының Заңы;

Қор туралы заң - "Ұлттық әл-ауқат қоры туралы" Қазақстан Республикасының Заңы;

Қор - "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамы;

ҚМГ - "ҚазМұнайГаз" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы;

Аудит жөніндегі комитет - ҚМГ Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитеті;

Ереже - ҚМГ Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитеті туралы ереже;

Қоғам басшылығы - ҚМГ Басқармасының төрағасы мен мүшелері.

3. Ереже ҚМГ-нің ішкі құжаты болып табылады және Заңға, ҚМГ Жарғысына, Корпоративтік басқару кодексiне және ҚМГ-нің басқа да ішкі құжаттарына сәйкес әзірленді.

4. Аудит жөніндегі комитет ҚМГ Директорлар кеңесінің консультациялық-кеңесші органы болып табылады және осы Ережеде белгіленген өз құзыретінің шегінде анағұрлым маңызды мәселелерді қарау және ҚМГ Директорлар кеңесі мен атқарушы органына ұсынымдар дайындау үшін құрылады.

5. Аудит жөніндегі комитет ҚМГ Директорлар кеңесіне есеп береді және оған ҚМГ Директорлар кеңесі және осы Ереже берген өкілеттіктер шеңберінде іс-қимыл жасайды.

6. Аудит жөніндегі комитет өз қызметінде Қазақстан Республикасының заңнамасын, ҚМГ Жарғысын, ҚМГ-нің барлық дауыс беретін акцияларын иеленуші тұлға – "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Акционер) шешімдерін, Директорлар кеңесі туралы ережені, осы Ережені және ҚМГ Директорлар кеңесінің басқа да шешімдерін басшылыққа алады.

2. Аудит жөніндегі комитеттің құзыреті

7. Аудит жөніндегі комитет ҚМГ акционерінің мүддесінде іс-әрекет етеді және оның жұмысы ҚМГ Директорлар кеңесіне мыналар бойынша ұсынымдар әзірлеу арқылы жәрдемдесуге бағытталған:

1) ҚМГ-нің қаржы-шаруашылық қызметін (оның ішінде қаржы есептілігінің толық және дәйекті болуын) бақылаудың тиімді жүйесін белгілеу;

2) ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйелерінің сенімділігі мен тиімділігін, сондай-ақ корпоративтік басқару саласындағы құжаттардың орындалуын бақылау;

3) сыртқы және ішкі аудиттің тәуелсіздігін, сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамасының сақталуын қамтамасыз ету процесін бақылау;

4) осы Ереженің талаптарына сәйкес басқа да мәселелер.

8. Бұл ретте, Комитет төрағасы мәселені Комитет отырысының күн тәртібіне енгізу қажеттілігін дербес айқындайды.

3. Аудит жөніндегі комитет мүшелерінің құқықтары

9. Аудит жөніндегі комитеттің мүшесі белгіленген тәртіппен:

1) көрсетілген ақпарат оған Аудит жөніндегі комитет мүшесінің функцияларын жүзеге асыру үшін қажет болған жағдайда, ҚМГ-нің лауазымды тұлғаларынан және қызметкерлерінен ҚМГ-ге қатысты кез келген ақпаратты (құжаттарды, материалдарды) сұратуға және алуға;

2) ҚМГ басшылығы өкілдерінің қатысуынсыз сыртқы және ішкі аудиторлармен кездесулер өткізуге;

3) осы Ережеде белгіленгендей, Аудит жөніндегі комитеттің карауындағы мәселелер бойынша кез келген тергеуге бастамашылық жасауға немесе жүргізуге;

4) Аудит жөніндегі комитет отырыстарының хаттамаларымен және шешімдерімен, аудиторлық қорытындылармен танысуға;

5) Аудит жөніндегі комитет отырысының хаттамасына күн тәртібіндегі мәселелер мен қабылданатын шешімдер бойынша өзінің айрықша пікірін енгізуді талап етуге;

6) Аудит жөніндегі комитеттің отырысын шақыруды талап етуге;

7) Аудит жөніндегі комитет отырысының күн тәртібіне мәселелер енгізуге құқылы;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасында, ҚМГ Жарғысында, ҚМГ-нің өзге де ішкі құжаттарында көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқылы.

4. Аудит жөніндегі комитет мүшелерінің құрамы, оларды сайлау және өкілеттіктер мерзімі

10. Аудит жөніндегі комитеттің сандық құрамын, өкілеттіктер мерзімін белгілеу, оның төрағасы мен мүшелерін сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату ҚМГ Директорлар кеңесінің құзыретіне жатады.

11. Аудит жөніндегі комитеттің құрамы ҚМГ Директорлар кеңесі мүшелерінің және Аудит жөніндегі комитетте жұмыс істеу үшін қажетті кәсіби білімі бар сарапшылардан қалыптастырылады.

12. Аудит жөніндегі комитет, тәуелсіз директорды (директорларды) қоса алғанда, кемінде үш мүшеден тұруы тиіс. Аудит жөніндегі комитеттің төрағасы тәуелсіз директорлар арасынан сайланады.

Тәуелсіз болып табылмайтын Директорлар кеңесінің мүшесі, егер ҚМГ Директорлар кеңесі ерекшелік ретінде осы тұлғаның Аудит жөніндегі комитетке мүшелігі ҚМГ мен ҚМГ акционерінің мүддесі үшін қажет деп шешсе, Аудит жөніндегі комитеттің құрамына сайлануы мүмкін. Осы тағайындау кезінде ҚМГ Директорлар кеңесі директор тәуелділігінің сипатын ашып, оны ҚМГ акционерінің алдындағы есепте Аудит жөніндегі комитетке қабылдау туралы шешімді негіздеуі тиіс.

ҚМГ Жалғыз акционерінің өкілдері Аудит жөніндегі комитеттің мүшелері бола алмайды.

13. Аудит жөніндегі комитеттің құрамында оның кем дегенде бір мүшесінің бухгалтерлік есеп және қаржы есептілігін дайындау және/немесе қаржы және/немесе аудит саласындағы біліміне сәйкес келетін ұзақ жұмыс тәжірибесі болуы тиіс.

14. Аудит жөніндегі комитеттің мүшелері тәуелсіз болып қалған жағдайда, Аудит жөніндегі комитетке тағайындау, Директорлар кеңесінің шешімі бойынша үш жылдан аспайтын қосымша екі кезеңге ұзартылуы мүмкін үш жылға дейінгі кезеңге болуы тиіс.

15. Директорлар кеңесі Аудит жөніндегі комитетте оның жұмысының үйлесімділігін және реттілігін қамтамасыз ету үшін өкілеттік мерзімін реттеуі тиіс.

16. Аудит жөніндегі комитеттің шешімімен Аудит жөніндегі комитеттің хатшысы тағайындалады, ол Аудит жөніндегі комитеттің жұмысын ұйымдастырушылық және ақпараттық қамтамасыз ету жөніндегі функцияларды жүзеге асырады.

5. Аудит жөніндегі комитеттің төрағасы

17. Аудит жөніндегі комитеттің төрағасы мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) Аудит жөніндегі комитеттің жұмысын ұйымдастырады;

2) Аудит жөніндегі комитеттің отырыстарын шақырады және оларға төрағалық етеді;

3) отырыстарда хаттама жүргізуді ұйымдастырады;

4) Аудит жөніндегі комитеттің отырыстарын өткізу нысанын белгілейді.

18. Төраға болмаған жағдайда, оның функцияларын Аудит жөніндегі комитеттің шешімі бойынша Аудит жөніндегі комитет мүшелерінің бірі жүзеге асырады.

6. Аудит жөніндегі комитет мүшелерінің тәуелсіздігі мен оларға қойылатын басқа да біліктілік талаптар

19. Әрбір мүше Директорлар кеңесі белгілеген тәуелсіздік туралы тестке сәйкес келуі тиіс немесе мұндай тест болмаған жағдайда Директорлар кеңесі Қор биржасының заңнамасына немесе бағалы қағаздарын орналастыру қағидаларына сәйкес жеке негізде директордың тәуелсіздігі туралы шешім қабылдауы тиіс.

7. Аудит жөніндегі комитеттің өкілеттіктері

20. Директорлар кеңесі Аудит жөніндегі комитетке:

- осы Ережеге сәйкес Компанияның кез келген қызметін немесе функциясын зерттеуге және осындай зерттеу нәтижелері бойынша тиісті шаралар қабылдауға қатысты Директорлар кеңесіне ұсынымдар беруге;
- Компанияның кез келген қызметкерінен Аудит жөніндегі комитетке қажетті кез келген ақпаратты сұратуға және барлық қызметкерлер Аудит жөніндегі комитеттен кез келген сұратымды алған кезде жәрдем көрсетуге;
- Компанияның кез келген деңгейдегі басшыларына, Компанияның барлық қызметкерлері мен барлық құжаттарына, салық және қаржы консультанттарына, заң консультанттарына, сондай-ақ ішкі және сыртқы аудиторларға шектеусіз қол жеткізуге;
- белгіленген тәртіппен сыртқы консультанттардан заң немесе өзге де тәуелсіз кәсіби консультациялар алуға және қажет болған жағдайда осындай консультанттардың болуын қамтамасыз етуге уәкілеттік берді.

8. Аудит жөніндегі комитет жұмысының тәртібі

21. Аудит жөніндегі комитет тоқсанына кемінде бір рет тұрақты іштей отырыстар және қажеттілігіне қарай, кезектен тыс отырыстар өткізеді. Аудит жөніндегі комитет қаралатын мәселелердің маңыздылығына қарай отырысты өткізу нысанын таңдайды. Аудит жөніндегі комитет жыл сайын Аудит жөніндегі комитеттің жұмыс жоспарын жасайды, оны Аудит жөніндегі комитеттің төрағасы бекітеді.

Аудит жөніндегі комитеттің хатшысы Аудит жөніндегі комитет отырысының күн тәртібін Аудит жөніндегі комитеттің барлық мүшелеріне

және мүдделі тұлғаларға отырыстың жоспарланған күніне дейін екі аптадан кешіктірмей дайындайды және таратады. Аудит жөніндегі комитеттің отырысы кворум болған кезде – Аудит жөніндегі комитет мүшелері санының кемінде жартысы болған кезде заңды деп есептеледі.

Комитеттің отырысы оның төрағасының бастамасы бойынша немесе:

- 1) Аудит жөніндегі комитеттің кез келген мүшесінің;
- 2) Акционердің;
- 3) Ішкі аудит қызметінің талап етуі бойынша шақырылуы мүмкін.

Аудит жөніндегі комитеттің төрағасы отырысты шақырудан бас тартқан жағдайда бастамашы көрсетілген талаппен ҚМГ Директорлар кеңесіне жүгінуге құқылы, ол Аудит жөніндегі комитеттің отырысын шақыруға міндетті.

Аудит жөніндегі комитеттің отырысы аталған талапты қойған адамды міндетті түрде шақыра отырып өткізіледі.

22. Шешімдер отырысқа қатысатын Аудит жөніндегі комитет мүшелерінің жай көпшілік дауысымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда Аудит жөніндегі комитет төрағасының даусы шешуші құқыққа ие болады.

Ерекше жағдайларда, қаралатын мәселелердің жеделдігіне және маңыздылығына қарай, кворум болған кезде, бейнеконференция (интерактивті дыбыс-бейне жазу байланысы), конференц-байланыс (Аудит жөніндегі комитет мүшелерінің "телефондық кеңес" режимінде бір мезгілде сөйлесуі) арқылы, сондай-ақ өзге де байланыс құралдарын пайдалана отырып, Аудит жөніндегі комитет мүшесінің Аудит жөніндегі комитеттің іштей отырысына қатысуына жол беріледі. Мұндай жағдайда, Аудит жөніндегі комитеттің мүшесі Аудит жөніндегі комитеттің іштей отырысына қатысқан болып есептеледі. Бұл ретте, Комитет отырысының хаттамасында пайдаланылған байланыс түрі көрсетіледі.

23. Аудит жөніндегі комитеттің мүшелері Аудит жөніндегі комитеттің іштей отырыстарына қатысуға міндетті.

Қажет болған жағдайда, Аудит жөніндегі комитет төрағасының шақыруы бойынша Аудит жөніндегі комитеттің отырыстарына мынадай тұлғалар қатыса алады:

- 1) ішкі аудит қызметінің басшысы;
- 2) жетекші серіктес және/немесе сыртқы аудитордың басқа да өкілдері;
- 3) Басқарма төрағасы мен ҚМГ-нің басқа да өкілдері, оның ішінде бас бухгалтер, сондай-ақ ҚМГ заң бөлімшесінің өкілдері;
- 4) күн тәртібінің мәселелері бойынша ақпарат алу үшін белгіленген тәртіппен тартылған тәуелсіз консультанттар (сарапшылар).

24. Аудит жөніндегі комитеттің әрбір отырысының нәтижелері бойынша ол өткізілгеннен кейін үш жұмыс күнінен кешіктірілмей хаттама жасалады. Хаттамаға Аудит жөніндегі комитеттің төрағасы немесе отырысқа төрағалық

еткен адам және Аудит жөніндегі комитеттің хатшысы қол қояды, олар хаттаманың дұрыс жасалуына және мазмұнына жауапты болады.

Аудит жөніндегі комитеттің хатшысы Аудит жөніндегі комитет отырыстарының хаттамаларын сақтауды қамтамасыз етеді.

9. Аудит жөніндегі комитеттің функциялары

25. Аудит жөніндегі комитет белгіленген тәртіппен мынадай функцияларды орындайды:

1) қаржы есептілігі мәселелері бойынша:

а) қаржы есептілігінің процесін бағалау жөніндегі есептің үлгі нысанын келіседі;

б) ҚМГ басшылығымен және сыртқы аудитормен қаржы есептілігін, сондай-ақ қаржы есептілігінің қолданылған қағидаттарының негізділігі мен қолайлылығын, қаржы есептілігіндегі елеулі бағалау көрсеткіштерін, есептіліктің елеулі түзетулерді талқылайды;

в) ҚМГ басшылығымен, сыртқы және ішкі аудиторлармен ҚМГ-нің есеп саясатындағы ұсынылатын (болжанатын) өзгерістерді және бұл өзгерістердің есептілік мазмұнына қалай әсер ететінін талқылайды;

г) ҚМГ-нің қаржы есептілігіне қатысты сыртқы аудитор мен ҚМГ басшылығы арасындағы кез келген елеулі келіспеушіліктерді қарайды;

д) ҚМГ-нің есеп саясатын алдын ала мақұлдайды;

е) ҚМГ-нің жылдық қаржы есептілігін алдын ала мақұлдайды.

2) корпоративтік басқару мәселелері бойынша:

а) корпоративтік басқарудың озық тәжірибелерін зерделейді және олардың қайсысы ҚМГ-ге қолданылатыны жөнінде ұсынымдар әзірлейді;

б) ҚМГ ағымдағы корпоративтік басқарудың практикасына жасалған шолуларды қарайды;

в) корпоративтік басқару диагностикасының нәтижелерін қарайды (ҚМГ-ге қолданылатын ҚМГ-нің ағымдағы корпоративтік басқару практикасының корпоративтік басқарудың озық практикаларына сәйкестігін бағалау);

г) ҚМГ-де корпоративтік басқаруды жетілдіру жөніндегі құжаттарды және (немесе) жоспарларды алдын ала мақұлдайды;

д) ҚМГ корпоративтік басқаруды жетілдіру бойынша құжаттардың және (немесе) жоспарлардың орындалуы туралы есептерді алдын ала мақұлдайды;

е) ішкі аудит қызметін сыртқы тәуелсіз бағалау ұсынымдарын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекітеді;

ж) ішкі аудит қызметін сыртқы тәуелсіз бағалау ұсынымдарын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының орындалуы жөніндегі есепті тыңдайды;

з) ҚМГ Директорлар кеңесіне ҚМГ-дегі корпоративтік басқару практикасын жетілдіру мәселелерінде жәрдемдеседі.

3) ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару мәселелері бойынша:

а) тоқсан сайынғы негізде тәуекелдер бойынша есептерді тыңдайды;

б) ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйелерінің жай-күйі туралы сыртқы және ішкі аудиторлардың есептерін талдайды;

в) ішкі қаржылық бақылауды қоса алғанда, тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелеріндегі сенімділік деңгейін, сондай-ақ олардың тиімді жұмыс істеуі туралы ДК оң қорытындысы үшін олардың жеткіліктілігін бағалауды жүргізеді;

г) ішкі бақылау құралдарының және ҚМГ тәуекелдерді басқару жүйелерінің тиімділігін талдайды, сондай-ақ осы және сабақтас мәселелер бойынша ұсыныстар береді;

д) негізгі тәуекелдерді басқару жөніндегі құжаттаманы уақытылы ұсыну бойынша мониторингті жүзеге асырады және тәуекелдерді басқару департаментіне тиісті тапсырмалар береді; д) ішкі қаржылық бақылауды және тәуекелдерді басқаруды қоса алғанда, ішкі бақылау жүйелеріне қатысты ҚМГ ішкі және сыртқы аудиторларының ұсынымдарының орындалуын бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады;

е) ішкі бақылау тиімділігінің төмен болуына байланысты қауіптер болған кезде ішкі бақылауды тестілеу үшін ішкі аудит қызметіне қосымша сыртқы ресурстарды тартады;

ж) тәуекелдер жөніндегі есептер бойынша кері байланыс беру, бақылаудың елеулі тәуекелдері мен проблемаларын және ҚМГ-нің тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылаудағы тиісті жоспарларын қарау үшін ҚМГ басшылығымен тұрақты кездесулер өткізеді;

з) ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйелері бойынша ҚМГ саясаты мен рәсімдерін алдын ала мақұлдайды;

и) ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйесін жетілдіру бойынша ҚМГ әзірлеген іс-шаралардың (түзету қадамдарының) орындалу нәтижелері мен сапасын талдайды;

к) тәуекелдер картасын бағалауды жүзеге асырады;

л) құпия ақпарат беру тетіктерінің жұмысын бақылауды жүзеге асырады, сондай-ақ Директорлар кеңесіне осы тетіктер сәйкес келмеген немесе тиімсіз болған жағдайда жоғары басшылықты жауапкершілікке тарту жөнінде ұсынымдар әзірлейді;

м) ҚМГ Директорлар кеңесіне орнықты даму саласындағы тәуекелдер мәселелері бойынша жәрдемдеседі.

4) сыртқы аудит мәселелері бойынша:

А) ҚМГ сыртқы аудиторын тағайындау және ауыстыру жөніндегі мәселелерді зерделейді және осы мәселе бойынша ұсынымдар дайындайды;

б) сыртқы аудитордан сыртқы аудитор ҚМГ-ге көрсететін (көрсетуді жоспарлап отырған) барлық ілеспе қызметтердің тізбесін алуды қамтамасыз етеді және оны сыртқы аудитормен талқылайды. Ілеспе қызметтердің аудитордың тәуелсіздігіне қаншалықты сәйкес келетінін бағалайды. ҚМГ Директорлар кеңесіне сыртқы аудитордың тәуелсіздігін қамтамасыз ететін шаралар қабылдауды ұсынады;

в) сыртқы аудитордан ілеспе қызметтерді алуды алдын ала мақұлдайды;

г) ҚМГ жылдық қаржы есептілігіне аудит жүргізуге сыртқы аудитормен шарт (келісімшарт) жобасының елеулі талаптарын алдын ала мақұлдайды;

д) сыртқы аудитормен аудиттің ұсынылып отырған жоспары мен көлемі акционердің және ҚМГ Директорлар кеңесінің қажеттіліктеріне қаншалықты сай келетінін талқылайды;

е) сыртқы аудитормен бірлесіп, ҚМГ басшылығының аудит қорытындылары бойынша ақпаратын қоса алғанда, жыл сайынғы және аралық аудиттердің нәтижелерін қарайды;

ж) кемінде жарты жылда бір рет ҚМГ басшылығы өкілдерінің қатысуынсыз сыртқы аудитормен кездесулер өткізеді;

з) сыртқы аудитор сыйақысының мөлшері бойынша ұсынымдар әзірлейді.

5) ішкі аудит мәселелері бойынша:

а) ішкі аудит қызметінің жұмысына жетекшілік етеді;

б) ішкі аудит қызметінің сандық құрамы, өкілеттік мерзімі, оның басшысы мен қызметкерлерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібі туралы ұсыныстар енгізеді;

в) Директорлар кеңесіне ішкі аудит қызметінің қызметкерлеріне еңбекақы төлеу мен сыйлықақы берудің мөлшері мен шарттары, ішкі аудит қызметінің қызметкерлеріне қойылатын біліктілік талаптары туралы ұсыныстар енгізеді;

г) ішкі аудит қызметі туралы ережені, ішкі аудит саясатын, рәсімдерін және ішкі аудит қызметінің жұмысын реттейтін басқа да құжаттарды, сондай-ақ оларға енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды алдын ала мақұлдайды, ішкі аудит қызметінің ҚМГ басшылығынан тәуелсіздігін қамтамасыз етеді;

д) ҚМГ еншілес және тәуелді ұйымдарында ішкі аудит қызметтерінің басшылары мен қызметкерлерінің кандидатураларын алдын ала келіседі, сондай-ақ оларда Директорлар кеңестері мен Аудит жөніндегі комитеттер болмаған жағдайда, олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату туралы ұсыныстар береді;

е) ҚМГ еншілес және тәуелді ұйымдарының Директорлар кеңестері мен Аудит жөніндегі комитеттері болмаған жағдайда, олардың ішкі аудит саясаты мен рәсімдерін алдын ала мақұлдайды;

ж) жылдық/ұзақ мерзімді аудиторлық жоспарды, ішкі аудит қызметінің стратегиялық жоспарын, ішкі аудит қызметінің құрылымын, штат санын және бюджетін (шығыстар сметасын) алдын ала мақұлдайды;

з) сыртқы және ішкі кезеңдік өзін-өзі бағалау нәтижелерін олар аяқталғаннан кейін тыңдайды;

и) жинақталған форматта жұмыс нәтижелерін және анағұрлым елеулі аудиторлық түсініктемелерді ұсынатын ішкі аудит қызметінің есептерін алдын ала мақұлдайды;

к) ішкі аудит қызметіне қойылған міндеттерді тиімді орындауға кедергі келтіретін қазіргі шектеулер мәселесін қарайды және осындай шектеулерді жоюға ықпал етеді;

л) ҚМГ басшылығы өкілдерінің қатысуынсыз тоқсанына кемінде бір рет ішкі аудит қызметінің басшысымен кездесулер өткізеді;

м) ішкі аудит қызметінің жұмысына алдын ала бағалау жүргізеді;

н) қажет болған жағдайда, ішкі аудит қызметінің қызықтыратын мәселелерге тәуелсіз тексеру (бағалау) жүргізуіне бастамашылық жасайды;

Егер ҚМГ Басқармасында Ішкі аудит қызметінің қызығушылық білдірген мәселеге тәуелсіз тексеру (бағалау) жүргізу қажеттілігі туындаған жағдайда, ҚМГ Басқармасының төрағасы осы тәуелсіз тексеруді (бағалауды) жүзеге асыруға алдын ала рұқсат алу үшін Аудит жөніндегі комитетке жүгінеді.

б) заңнаманы сақтау мәселелері бойынша:

А) ҚМГ-нің заңнаманы сақтауын қамтамасыз етуге бағытталған ҚМГ ішкі рәсімдерінің тиімділігін бағалайды;

б) уәкілетті органдардың (оның ішінде салықтық), сыртқы және ішкі аудиторлардың, ҚМГ басшылығының заңнаманы сақтау мәселелері бойынша есептерін алады және зерделейді;

в) "жедел желі" рәсімі бойынша ұсыныстар енгізеді, ол арқылы ҚМГ қызметкерлері болжанатын заңнаманы бұзушылықтар немесе теріс пайдалану туралы, оның ішінде қаржылық есептіліктің толықтығы мен дұрыстығына қатысты ақпаратпен құпия негізде немесе жасырын түрде жүгіне алады, сондай-ақ осындай өтініштерді қарау және оларға ден қою тәртібі бойынша ұсыныстар енгізеді.

7) қызмет туралы есептілік:

а) тұрақты түрде, бірақ жылына кемінде бір рет Директорлар кеңесінің алдында өз қызметі туралы есеп береді;

б) Директорлар кеңесінің есебіне енгізу және оны ҚМГ акционерінің алдындағы есепте ашу үшін Аудит жөніндегі комитет жұмысының нәтижелері туралы ақпарат дайындауды жүзеге асырады.

8) басқа міндеттер:

а) қажеттілігіне қарай ҚМГ Директорлар кеңесіне арнайы тергеу (тексерулер) жүргізу, оның ішінде тәуелсіз консультанттарды (сарапшыларды) тарта отырып, ұсынымдар әзірлейді;

б) алаяқтық жағдайларын талдайды және қорытындылайды және ҚМГ Басқармасының болашақта алаяқтықтың алдын алу бойынша қабылдаған шараларының барабарлығын бағалайды;

в) "құпия ақпараттандырудың жедел желісінің" есептерін тыңдайды және елеулі бұзушылықтар бойынша ақпаратты Директорлар кеңесінің назарына жеткізеді;

г) ҚМГ Директорлар кеңесінің тапсырмасы бойынша Аудит жөніндегі комитеттің құзыретіне жататын басқа да міндеттерді орындайды".

10. Аудит жөніндегі комитет мүшелерінің жауапкершілігі

26. Аудит жөніндегі комитеттің мүшесі өзінің іс-әрекеттерінен (әрекетсіздігінен) келтірілген зиян үшін, оның ішінде жаңылыстыратын ақпарат немесе көрінеу жалған ақпарат беру нәтижесінде келтірілген залал үшін ҚМГ-нің және ҚМГ акционерінің алдында жауапты болады.

11. Директорлар кеңесімен қатынастар

27. Директорлар кеңесі Аудит жөніндегі комитеттің рөлін белгілейді және Аудит жөніндегі комитет Директорлар кеңесінің атынан тапсырмалар жүргізетіндіктен, нәтижелер Директорлар кеңесіне ұсынылуы және ол қарауы тиіс.

Осындай тапсырмаларды орындау кезінде Аудит жөніндегі комитет оның пікірі бойынша іс-әрекеттер немесе жақсарту талап етілетін мәселелерді анықтауға, сондай-ақ талап етілетін қадамдар бойынша ұсынымдар беруі тиіс.

28. Аудит жөніндегі комитет пен Директорлар кеңесі арасында келіспеушіліктер туындаған кезде екі апта ішінде келіспеушіліктерді жою мақсатында мәселені талқылаудан өтуге тиіс. Егер келіспеушілікті жою мүмкін болмаса, Аудит жөніндегі комитет Компанияның жыл сайынғы есебінде оның қызметі бойынша есептің бөлігі ретінде мәселені акционерлерге ұсынуы тиіс.

12. Акционерлермен өзара байланыс

29. Директорлар кеңесі Аудит жөніндегі комитеттің өзіне жүктеген рөлі мен өкілеттіктерін қоса алғанда, Аудит жөніндегі комитет туралы ереже акционерлерге берілуі тиіс. Компанияның жылдық есебінде өз міндеттерін орындау үшін Аудит жөніндегі комитеттің рөлі мен міндеттерін сипаттайтын жеке бөлім болуы тиіс.

30. Аудит жөніндегі комитеттің төрағасы Аудит жөніндегі комитет қызметінің нәтижелері және аудит жөніндегі комитеттің міндеттеріне қатысты мәселелер туралы есепке қатысты Директорлар кеңесінің төрағасы арқылы сұрақтарға жауап беру үшін Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуы тиіс.